

кездердегі қабірлерді б.з.б XVIII ғасырмен мерзімдейді. Ол аяпбергендік бұйымдар ерте андроновтық кезеңге, яғни б.з.б. II-мыңжылдық алғашқы ширегінде жатады, мұндай қорымдар негізінде петров және алакөл мәдениеттері қалыптасқан деп тұжырым жасады [6, 50-69б.].

Қола дәуірінің бірқатар ескерткіштерінің бірі Айбас-Дарасы Қарағанды облысы Ұлытау ауданында, таудың батыс етегінде орналасқан. Айбас-Дарасы төрт зираттан және қоныс орнынан (Айбас-Дарас 1-4) тұрады. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2004 жылдан бастап ескерткішті Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекші Ж. Құрманқұлов) зерттей бастады. Алғашқы жылы орталық кесененің кезінде зерттелмей қалған бөліктері аршылады. Айбас-Дарасындағы орталық мавзолей қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі ру басшысы жерленген ғажайып сәулет өнерінің туындысына жатады, және де ол далалық аймақтарға кең таралған Беғазы-Дәндібай мәдениетінің оңтүстік-батыс шегарасында орналасқан. 2004 жылы қорым жанынан қоныс орны анықталған. 2005 жылы оған тікқазба түсіріліп, 2006 жылдан бастап ол жоспарлы түрде зерттеліне бастады. Қазіргі таңда Тәуелсіздік алғалы ескерткіштен қола дәуірі мәдениетін айғақтайтын түрлі бұйымдар мен заттар алынып отыр.

Кент қонысы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы, өзімен аттас ауылдан шығысқа қарай 6 км жерде орналасқан. Қызылкеніш тау өзенінің шығысқа қарай созылған ең ірі қоныс болап саналады. Табылған адамдар қонысы шамамен 30 га. Кейінгі қола дәуірінің Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жатады. Қоныстан 1000 шаршы м. мәдени қабаттар қазылып алынған. Мұнда Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ежелгі, орта және кейінгі кезеңдеріне сәйкес адамдар тұрағының үш сатысы анықталған. Аса бай археологиялық материал: қоладан жасалған 200-ден астам зат (пышақ-қанжарлар, жебе ұштары, найза ұштары, тескіштер, біздер, орақ-шалғылар, сүйек кесетін аспаптар және т.б.), жануарлар сүйектері мен мүйіздерінен жасалған бұйымдар (түймелер, ілмектер, білезіктер, жебе ұштары, былғарыдан жасалған бұйымдар, тігу құралдары және т.б.) көптеген еңбек құралдарымен бірге 20 мыңдай үй және дала жануарларының сүйегінен жасалған бұйымдар, 27 мыңдай керамика фрагменттері жинақталған [1, 76].

Кент негізінен кейінгі қола дәуіріне жатады. Ежелгі қоныстың қала болып қалыптасуы мына жайттардан анықталды:

- 1-аумағы 15 га-дан кем емес;
- 2-тұрғындар саны 5000-ға жеткен;
- 3-монументті (шіркеулік) архитектура;
- 4-ауылшаруашылық округі бар;
- 5-қолөнер өндірісі дамыған;
- 6-сауда және айырбас жұмыстары жүргізілген;
- 7-қала және оның округінің әлеуметтік стратификациясы.

Қоныс пен оның жанындағы ескерткіштерде қарағандылық бірқатар археолог-мамандар (В.Г. Ломан, В.В. Варфоломеев, В.В. Евдокимов т.б.) ұзақ жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қонысты жүйелі түрде, жаңа методологиялық бағыт-бағдармен (байырғы қала статусын анықтау, қыш ыдыстарының үлес салмағын нақтылау, т.б.) зерттеуге мол септігін тигізді.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік тұсында қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу біршама жолға қойылды. Бұрын зерттелген кейбір археологиялық нысандар материалдары ұзақ жылдардан кейін ғылыми талдаудан өтіп, көпшілік назарына ұсынылды. Бұл кездері Орталық Қазақстанның аймақтарында қола дәуірінің ескерткіштері зерттелген болатын. Тәуелсіз Қазақстан атанғалы Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары да нәтижелі болып, Қазақстан археологиясының даму көкжиегін біршама кеңейді. Нәтижесінде тек Орталық Қазақстанның ғана емес жалпы Қазақстанның ғылыми мұра көлемі ұлғая түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Археология и история Сарыарки: Сб. науч. ст. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2012-315 с.
2. Құрманқұлов Ж.Қ., Байгунаков Д.С. Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). Монография. - Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008. - 192б.
3. Рыков П.С. Нурина экспедиция (1933г)/ Проблемы истории материальной культуры. 1933. - №9-10.
4. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата. 1966-436 с.
5. Евдокимов В.В. Исследования отряда Карагандинского университета/1980.
6. Кукушкин И.А. Могильник Аяпберген раннеандроповский памятник Центрального Казахстана/Изучение памятников археологии Павлодарского Приптышья; Сборник научных статей. - Павлодар, 2006.

## ҚАЗАҚ ЭТНОСЫНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ Л.Н.ГУМИЛЕВ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Бакиров Ә.Ә.

Ғылыми жетекшісі: Дюсупова Сәуле Тұяқовна, Ph.D докторы

Л.Н. Гумилевтің этнос және оның дамуы туралы концепциясы қазақ этносының тарихи дамуындағы ерекше кезеңдер мен әлеуметтік динамиканы түсінуге ықпал етті. Оның «Этногенез» теориясы негізінде қазақ халқының қалыптасуы мен дамуында биологиялық, экологиялық және мәдени факторлардың маңызын сақтай отырып, Л.Н.Гумилевтің концепциясы қазақ этносының шығу тегін, тарихи даму жолдарын және этносаралық байланыстарын терең зерттеуге мүмкіндік берді.

Қазақ халқының этникалық тарихи мен қалыптасуы – ұзақ та күрделі процесс, ол мыңдаған жылдар бойы түрлі тарихи кезеңдер мен әлеуметтік-мәдени өзгерістердің әсерінен дамыды. Қазақ этносының шығу тегі мен оның даму жолын зерттеу көптеген ғылыми мектептердің назарын аударған тақырып болып табылады. Л.Н. Гумилевтің қазақ этносының дамуы туралы концепциясы этнология мен тарих саласындағы маңызды және өзекті мәселелерді қамтиды. Оның «этнос» түсінігін және этногенез теориясын ұсынуы, қазақ халқының тарихи мен мәдениетін түсінуде жаңа көзқарастарды ашты. Гумилев этнос дамуының себептері мен факторларын биологиялық және әлеуметтік-мәдени сипаттар тұрғысынан түсіндіру арқылы, қазақ этносының қалыптасуы мен дамуын ерекше бір процесс ретінде қарастырды. Қазіргі таңда, қазақ этносының дамуының тарихи және мәдени аспектілерін зерделеу барысында Л.Н. Гумилевтің концепциясы жаңа әрі терең түсініктерді ашып, этникалық процестердің күрделі табиғатын түсінуге септігін тигізеді. Оның теориясы, әсіресе, қазақ халқының ұлттық бірлігін нығайту мен тарихи сананы жаңғырту тұрғысынан маңызды болып табылады.

Бұл зерттеуде Л.Н. Гумилевтің этногенез және пассионарлық концепциялары маңызды рөл атқарады. Гумилевтің пікірінше, этностың қалыптасуы мен дамуы тек биологиялық немесе әлеуметтік факторларға ғана емес, сонымен қатар этностың ішкі психологиялық және рухани энергиясын білдіретін пассионарлық күштерге де тәуелді. Гумилевтің теориясы этностардың қалыптасуы мен олардың тарихи тағдырының динамикасын түсінуге жаңа көзқарас ұсынады. Оның этногенез концепциясы бойынша, этностар белгілі бір тарихи кезеңдерде пассионарлық күштердің әсерінен қалыптасып, дамиды, ал бұл күштер әр этностың мәдениетін, саяси құрылымын және әлеуметтік жүйесін айқындайды. Қазақ этносы да осы процестің құрамында тарихи, мәдени және әлеуметтік байланыстар арқылы қалыптасты. Қазақ халқының этникалық бірегейлігін қалыптастырудағы пассионарлық күштердің әсері, Гумилевтің концепциясы тұрғысынан, этногенездің маңызды факторларының бірі болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты – Л.Н. Гумилевтің этногенез және пассионарлық ұғымдары негізінде қазақ этносының қалыптасуы мен дамуын зерттеу. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: Бұл зерттеу арқылы қазақ халқының этникалық бірегейлігі, тарихи дамуы, әлеуметтік құрылымы мен мәдени ерекшеліктері туралы түсініктерді тереңдету, және Гумилевтің теориясының қазақ этносының тарихи даму жолындағы рөлі мен маңыздылығын анықтау.

Қазақ этносының тарихи дамуы мен қалыптасуы туралы зерттеулер бірнеше ғасырлық тарихы бар. Осы тұрғыда Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы ерекше орын алады. Оның концепциясы бойынша, этностар белгілі бір табиғи және әлеуметтік факторлар негізінде қалыптасып, дамиды. Гумилевтің көзқарасы бойынша, этнос – бірегей әлеуметтік организм, оның дамуы белгілі бір кезеңдерден өтеді, ал этностың «күштілігі» оның тарихи кезеңдерде табиғи ортаға бейімделуі мен мәдени дамуына байланысты болады. Л.Н. Гумилевтің этнос туралы тұжырымдамасы бойынша, этнос – тарихи процестің нәтижесі, ол тек табиғи емес, мәдени және әлеуметтік факторлардың бірлескен әсерінен қалыптасады. Ол этнос үшін екі негізгі кезеңді атап өтеді:

1.Этногенез – этностың қалыптасу және даму процесі, онда әлеуметтік, мәдени және биологиялық факторлар бірлесіп әсер етеді.

2.Деградация – этнос дамуында тоқырау немесе құлдырау кезеңі, мұнда халықтың тарихи жады мен мәдениеті әлсірейді.

Қазақ этносының дамуы мен қалыптасуы – көптеген тарихи және мәдени үрдістердің нәтижесі. Қазақ халқының шығу тегі мен тарихы тереңде жатыр, және оның даму жолы күрделі, ұзақ уақыт бойы түрлі әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени процестермен байланысты. Қазақ этносының қалыптасуы бірнеше кезеңдерден өтті, ал оның дамуында көптеген факторлар маңызды рөл атқарды. Қазақ халқының этникалық құрылымы мен мәдениетін қалыптастырудағы негізгі кезеңдерге мыналар жатады:

Ерте көшпелі қоғам (б.з.д. I мыңжылдық – б.з. IV ғасыры). Қазақ этносы, негізінен, көшпелі өмір салтымен таныс болды. Ерте кезеңдерде Қазақстан территориясында көптеген көшпелі тайпалар мен халықтар тұрды. Біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта Қазақстанда сақтар, ғұндар, сарматтар сияқты ірі көшпелі мәдениеттер гүлденді. Бұл кезеңде қазақ этносының негізі қаланды деп айтуға болады. Олар ұлы далада бір-бірімен тығыз мәдени байланыс орнатып, жаңа мәдени және тілдік топтарды қалыптастырды.

Түрік кезеңі (VI-XI ғасырлар). Түрік тілдес халықтар мен тайпалардың бірлестігі этнос қалыптастырудағы маңызды кезең болды. VI ғасырда Түрік қағанаты құрылып, оған түрлі көшпелі түрік тайпалары бірікті. Бұл кезеңде түркі халықтары арасында өзара қарым-қатынас күшейіп, қазақ халқының тілдік және мәдени ерекшеліктері айқындала бастады.

Моңғол кезеңі (XIII ғасыр). Моңғол шапқыншылығы кезеңі қазақ халқының этникалық дамуына ерекше әсер етті. Моңғолдардың басқаруында болған кезеңде көптеген түрік, моңғол, парсы, араб мәдениеттері араласып, этникалық өзгерістер орын алды. Бұл кезеңде қазақ халқының этникалық құрылымы жаңа қырынан қалыптаса бастады. Моңғолдармен бірігу арқылы қазақтар жаңа саяси және мәдени ортада қалыптасты.

Қазақ хандығы (XV-XVIII ғасырлар). XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуы – қазақ этносының дамуындағы маңызды кезең. Қазақ хандығының құрылуы кезінде Қазақ мемлекетінің шекаралары, ұлттық бірлігі мен тәуелсіздігі бекітілді. Бұл кезеңде қазақ халқы өздерінің этникалық ерекшеліктерін нығайтып, біртұтас халық ретінде қалыптасуын жалғастырды [1].

Л.Н.Гумилев оның еңбектері этнос теориясын зерттеуде жаңа бағыттар мен тәсілдерді ұсынды. Гумилевтің концепциясы этностардың пайда болуы, дамуы және құлдырауы туралы ғылыми түсініктердің жаңаруының негізін қалаған. Ол этнос дегеніміз тек әлеуметтік топ емес, оның өзіндік психологиялық, мәдени және биологиялық негіздері бар ерекше құбылыс екенін атап көрсетті. Гумилевтің этногенез концепциясы этностың өмір циклын зерттеуге арналған. Ол этногенезді – этностың қалыптасуы, дамуы және құлдырауы ретінде түсіндіреді. Бұл процесс оның көзқарасы бойынша белгілі бір уақыт аралығында этностың ішкі энергиясы немесе күштері – пассинарлық энергия арқылы іске асырылады. Этностың өмірі белгілі бір пассинарлық күштердің пайда болуымен басталып, оның ықпалымен дамиды. Пассинарлық күш – бұл этностың ұжымдық психикасында пайда болатын және бүкіл қоғамның даму бағытын айқындайтын күш. Гумилевтің концепциясының ең маңызды бөлігі – пассинарлық ұғымы. Пассинарлық – бұл этностың өсуіне, дамуына және қалыптасуына әсер ететін ерекше әлеуметтік күш. Бұл күш адамдардың ерекше психологиялық және рухани жағдайынан туындайды. Пассинарлық қоғамдағы адамдарды мақсатқа жетуге итермелеп, оларды өз мүмкіндіктерінен жоғары биік мақсаттарға жетуге ынталандырады. Пассинарлық адамдар қоғамның өзгеруіне ықпал етіп, этностың тарихында өзгерістер мен жаңарулар жасайды. Гумилевтің айтуынша, этностардың қалыптасуы және дамуы осы пассинарлық күштердің пайда болуы мен әсеріне байланысты. Оның теориясына сәйкес, этнос өсу кезеңінде пассинарлық күштердің әсерінен күшті әрі тұтас болып дамиды, бірақ белгілі бір кезеңнен кейін бұл күштер әлсіреп, этнос өзінің құлдырауына ұшырайды. Гумилевтің теориясында этностардың дамуында бірнеше кезеңдер анықталады:

Қалыптасу кезеңі: Этнос пассинарлық күштердің ықпалымен қалыптасады. Бұл кезеңде этнос өзіне тән мәдениет, тіл, дүниетаным қалыптастырады және біртұтас қоғамға айналады.

Даму кезеңі: Этнос өзінің ішкі күшін пайдаланып дамиды. Бұл кезеңде этнос кеңейіп, жаңа аумақтарға таралады, өзінің мәдени және саяси құрылымдарын нығайтады. Технологиялық және мәдени жетістіктері пайда болады.

Құлдырау кезеңі: Белгілі бір уақыттан кейін этностың пассинарлық күші әлсірей бастайды. Бұл кезеңде этнос өздерінің ішкі күштерін жоғалтады, мәдени құлдырау, саяси тұрақсыздық орын алады, және этнос сыртқы күштерге тәуелді бола бастайды [2].

Этностың құлдырауының басты себебі – пассинарлық күштердің әлсіреуі және қоғамның ішкі энергиясының таусылуы. Осы уақытта этнос басқа мәдениеттер мен халықтармен араласып, ішкі бөлшектену мен ұлтшылдық көріністері көбейеді. Гумилевтің концепциясында табиғи орта да маңызды рөл атқарады. Ол этностың дамуын экологиялық факторлармен байланыстырды. Мысалы, табиғи орта мен климат этносқа тән сипаттардың қалыптасуына әсер етеді. Көшпелі қоғамдардың мәдениеті мен әлеуметтік құрылымы табиғи орта мен климаттық жағдайларға тікелей байланысты болды. Гумилевтің айтуынша, экологиялық жағдайдың өзгеруі этностың тарихи дамуында маңызды роль атқарады. Гумилевтің теориясына сәйкес, этнос тек өз бетінше дамып қоймай, басқа этностармен үнемі байланыста болады. Оның айтуынша, этностар арасында тек қақтығыстар мен соғыстар ғана емес, сонымен қатар мәдени алмасу мен өзара ықпал болады. Бұл процесстер этностардың дамуына жаңа серпін береді. Гумилев басқа халықтармен байланыс орнатуды және өзара ықпалдасуды этностың өмірлік цикліне әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастырған. Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы қазақ этносының қалыптасуы мен даму процесін түсінуге үлкен көмегін тигізеді. Қазақ халқының тарихында пассинарлық күштер мен этногенездің әсері айқын көрінеді. Қазақ хандығының құрылуы, оның Ұлы Даладағы саяси құрылымдары, сондай-ақ қазақ қоғамының көшпелі өмір салты мен мәдениеті Гумилевтің теориясымен үйлеседі. Қазақ халқының этникалық бірегейлігі мен мәдени дамуы да осы пассинарлық күштер мен ішкі әлеуметтік энергияның нәтижесі болып табылады. Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы этностардың даму динамикасын түсіну үшін үлкен мәнге ие. Оның теориясы этнос тек әлеуметтік құрылым емес, оның ішкі мәдени, психоәлеуметтік және экологиялық факторлармен тығыз байланысы бар күрделі құбылыс екенін көрсетеді. Қазақ этносының қалыптасуы мен дамуы да осы тұжырымдармен сәйкес келеді, ал Гумилевтің концепциясы қазақ халқының тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [3].

Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы қазақ этносының дамуын түсінуде ерекше маңызға ие. Гумилевтің пікірінше, этностың қалыптасуы мен дамуы тек сыртқы факторларға ғана емес, сонымен қатар ішкі психоәлеуметтік күштерге де байланысты. Гумилевтің пассинарлық ұғымы этностың өмір сүруі мен дамуына зор ықпал етеді. Ол этностың тарихи тағдырын «пассинарлық күштер» деп аталатын ерекше энергияның әсері арқылы түсіндіреді. Қазақ этносы да осы пассинарлық күштердің арқасында қалыптасты деп айтуға болады. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы, ұлттың бірлігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ батырлары мен көшбасшыларының ерлігі, сондай-ақ қазақ қоғамының көшпелі өмір салтына бейімделуі осы пассинарлық күштердің көрінісі болды. Қазақ этносының дамуына әсер еткен маңызды факторлардың бірі – оның мәдени

және әлеуметтік құрылымы. Қазақ халқының мәдениеті ерте кезеңдерден бастап бірегей болды. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен өнері көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты, ал бұл мәдениеттің ерекшеліктері қазақ халқының этникалық бірегейлігін айқындайды.

Тіл: Қазақ тілі – түркі тілдеріне жататын тілдер тобының бірі болып табылады. Оның дамуы қазақ халқының тарихи дамуына сәйкес болды. Тіл ұлттық мәдениеттің негізі ретінде сақталып, дамыды.

Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар: Қазақтың дәстүрлі қоғамы өзіне тән әдет-ғұрыптармен, мейрамдармен және тыйымдармен ерекшеленді. Бұл әдет-ғұрыптар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қазақ халқының мәдени бірегейлігін сақтауға ықпал етті.

Діни сенімдер: Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымында ислам діні маңызды рөл атқарды. Алайда, қазақ халқының діни сенімдері мен ұғымдары араб, түрік, моңғол және басқа да халықтардың мәдениеттерінің әсерінен қалыптасты [4].

Қазіргі уақытта қазақ этносы өз тарихында қиын әрі күрделі кезеңдерден өтіп, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалап отыр. Қазақстанның тәуелсіздігі қазақ халқының этникалық бірегейлігі мен мәдениетін сақтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын басқа этностармен бейбіт қарым-қатынас орнатып, көпұлтты қоғам қалыптасты. Қазақ халқының этникалық және мәдени ерекшеліктері, сондай-ақ оның тарихы қазіргі заманға дейінгі көптеген мәселелерге байланысты өзекті болып отыр. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеу еліміздің дамуы мен болашағын түсінуге маңызды ықпал етеді. Қазақ этносының дамуы күрделі әрі көпқабатты процесс. Ол әр түрлі кезеңдерде түрлі мәдениеттер мен халықтардың әсерімен қалыптасты. Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы қазақ халқының этникалық құрылымының қалыптасуында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Қазақ этносының мәдени және әлеуметтік ерекшеліктері оның бірегейлігін сақтап, болашақта да дамуын жалғастыруға мүмкіндік береді [5].

Л.Н.Гумилевтің пікірінше, этностардың дамуы тек сыртқы жағдайларға ғана емес, олардың ішкі әлеуметтік күштеріне де байланысты. Әрбір этнос белгілі бір "пассионарлық" күшке ие болады, бұл күш оның дамуына, жаңа мәдениеттер мен қоғамды қалыптастыруға ықпал етеді. Гумилевтің этнос теориясын қазақ халқының тарихына қолдана отырып, оның даму процесі бірнеше маңызды кезеңдерден тұрады. Қазақ этносының қалыптасуы – бірнеше ғасырлық үдеріс, мұнда қазақ халқының ата-бабаларының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік құрылымы және табиғи ортаға бейімделуі маңызды рөл атқарған.

Ұлы Түркі Қағанатының құрылуы – қазақ халқының этногенезінің алғашқы кезеңі. Түркі қағанатының құрылуы мен оның мәдени ықпалы қазақ халқының қалыптасуына негіз болды.

Көшпелі мәдениет және өмір салты – қазақ халқының әлеуметтік құрылымы мен мәдениетінде көшпелі өмір салтының маңызы зор. Бұл кезеңде қазақ этносы өзінің қоғамдық құрылымын, дәстүрін және дүниетанымын қалыптастырды.

Қазақ хандығы және этникалық бірлік – қазақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі, ол этникалық бірлікті нығайтып, түрлі тайпалардың бірігуіне ықпал етті. Қазақ хандығы кезеңі қазақ ұлтының саяси және мәдени бірегейлігін қамтамасыз етті.

Ресей империясының құрамында болуы және кеңістік кеңеюі – бұл кезеңде қазақ халқының дамуында жаңа әлеуметтік және мәдени байданыстар пайда болды. Осы кезеңде қазақ халқының жаңа әлеуметтік құрылымы мен мәдениеті қалыптаса бастады [6].

Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы қазақ этносының тарихи дамуын түсінуге терең мүмкіндік береді. Қазақ халқының қалыптасуы мен дамуы табиғи, әлеуметтік және мәдени факторлардың өзара әрекеттесуінен туындаған үдеріс ретінде қарастырылады. Гумилевтің концепциясы бойынша, қазақ халқының қалыптасуы мен оның тарихи жолы тек этностық құрамның өзгеруі емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және табиғи факторлардың әсерінен пайда болған күрделі процесс.

Л.Н. Гумилевтің этногенез және пассионарлық күштер теориясы қазақ этносының қалыптасуы мен дамуын түсіну үшін маңызды теориялық негіз береді. Оның пайымдауынша, этностардың қалыптасуы тек сыртқы әлеуметтік және саяси факторларға ғана емес, сонымен қатар ішкі психоәлеуметтік күштерге де тәуелді. Қазақ халқының этногенезі Гумилевтің концепциясы тұрғысынан қарастырылғанда, этностың дамуына ықпал еткен пассионарлық күштердің рөлі ерекше екені анықталады. Қазақ этносы, тарихи тұрғыдан алғанда, бірнеше кезеңдерден өтіп, түрлі мәдениеттер мен халықтармен өзара әрекеттесті. Бұл процесс барысында қазақ халқының этникалық бірегейлігі мен мәдени ерекшеліктері қалыптасып, оның өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Гумилевтің пассионарлық теориясы қазақ халқының қалыптасуындағы маңызды факторлардың бірі ретінде, оның әлеуметтік, саяси және мәдени дамуына ықпал еткен күштерді түсіндіруге мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, Л.Н. Гумилевтің этногенез концепциясы қазақ халқының тарихи дамуында маңызды орын алады. Қазақ этносы, оның түрлі әлеуметтік, саяси және мәдени кезеңдеріндегі өзгерістері мен тұрақтылықтары Гумилевтің теориясымен үйлесімді келеді. Оның теориясы арқылы қазақ этносының қалыптасуы мен дамуының күрделілігін және көпқабатты екенін тереңірек түсінуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. - Москва: Наука, 1975.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - Москва: Наука, 1993.

3. Байпақов К.М. Қазақстан тарихы: Этноформалық процестер және этносаралық қатынастар. - Алматы: Арыс, 2006.
4. Нүрпейісова К.Н. Қазақ халқының этногенезі: тарихи даму мәселелері. - Алматы: ҚазМУ баспасы, 2004.
5. Ким М.С. История и культура казахов. - Алматы: Ғылым, 1999.
6. Әбілқасымова М.К. Қазақ халқының этникалық тарихы. - Алматы: Білім, 2007.

## ТАЛҒАР МОНЕТАЛАРЫ

Балтагул С.Б

Ғылыми жетекшісі: PhD Есен С.Ғ.  
Астана Халықаралық университеті  
[symbat20070121@gmail.com](mailto:symbat20070121@gmail.com)

Астана қ.

Ортағасырлық Талғар қаласы – Қазақстанның ортағасырлық тарихының маңызды нысандарының бірі. Қаланың атауы А.Н. Бернштам мен Ә. Марғұланның жүргізген жұмыстарының нәтижесінде анықталған болатын. Қала керуен жолының бойында орналасып көптеген мәдениеттердің тоғысқан орталығы болды. Ортағасырлық қала орнынан басқа қалаларда басылып шыққан тиындар да табылған. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған бұл тиындар өңірдің экономикалық байланыстарын ғана емес, сонымен қатар халықтың тұрмыс-тіршілігін, мәдени құндылықтарын және шет елдермен байланысын көрсететін дереккөз ретінде ерекше орын алады. Мақаланың мақсаты – Талғар тиындарының тарихи-мәдени маңыздылығын ашып көрсету, олардың ғылыми зерттеулердегі рөлін талдау және бұл жәдігерлердің қазіргі заманғы Қазақстан тарихын түсінудегі өзектілігін анықтау. Талғар тиындары тек өткенді зерттеу құралы ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның мәдени мұрасын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады.

Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалар қашанда Орта Азия кеңістігінде үлкен рөл атқарды. Сауда керуендері қалалардың салынуы мен дамып, өркендеп өсуіне жол салды. Қытайдан шыққан керуен жолдарының тармақтары Қазақстан территориясын бірнеше бағытта кесіп өткен. Сол жолдардың бірі Шу өзенін бойлап келіп Тасөткел (Ташуткөл) өткелі арқылы өтіп, Іле ойпатына өтетін жол болған. Сол жолдың бойында Алматы, Талхир (Талғар), Эквиус (Іле-Оғыз), Қаялық (Қойлық), Ілан-Балық қалалары орналасқан [1,62 б]. Дәл осы жолдың бойында орналасқан ірі қаланың бірі-Талхир (Талғар). Талғар қаласының ерекше бір бөлігі монеталардың табылуы болып табылатынын атап көрсету маңызды.

Талғар (Талхир) қаласы Талғар қаласының қазіргі оңтүстігінде, таулы Талғар өзенінің жағасында, биік жартасты, көрікті шатқалда орналасқан. «Талғар» топонимі ерте кезеңдерден сақталған болса керек. Мұндағы – «ғар» үндіоуропалық тілдерден аударғанда «тау» деген мағынаны білдіретіндігі айтылады [5,326-420 б]. Талхир туралы қызықты мәліметтер X ғасырдың соңғы ширегінде парсы тілінде жазылған «Худуд әл-Алам» («Әлем шекаралары») атты географиялық еңбекте бар. В.В. Бартольдтың пікірінше, «белгісіз автор Орта Азияның, әсіресе оның шығыс бөлігінің географиясы жөнінде өз дәуіріндегі араб замандастарына қарағанда әлдеқайда терең білімге ие болған». Осы еңбекте Ыстықкөл көліне жақын жерде, джікілдер мен қарлұқтар иеліктерінің шекарасында орналасқан Тон және Тальхиза (Тальхир) атты екі елді мекеннің аты аталған [7,75 б]. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде ескерткіштің өмір сүрген уақыты анықталды. Қала VIII ғасырда пайда болып, XIII ғасырға дейін қарқынды дамыған. Белгілі археологтар А.Н. Бернштам мен Ә. Марғұлан ежелгі Талхиз қалашығы қазіргі Талғар қаласының орнында болғандығын болжаған [2, 79-81 б; 4, 59-62 б]. Ескерткіште археологиялық қазба жұмыстары 1970 жылдардан бастау алған. Бастапқыда И.И. Копылов басқарған Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының экспедициясы, ал 1970-жылдардың екінші жартысынан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Т.В. Савельева басқарған археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізген. Ескерткіш аумағында табылған жәдігерлер оның орта ғасырларда сауда орталығы болғанын көрсетеді. Мұнда Қытайдан, Таяу және Орта Шығыстан, Үндістан мен Жапониядан құнды тауарлар жеткізілген [1,64 б]. Қала аумағындағы үйлердің орнын ашу кезінде Қытайдан әкелінген қола айна мен фарфор ыдыстар, Ираннан әкелінген қола құмыралар мен табақтар, Үндістаннан әкелінген піл сүйегінен жасалған бұйымдар, Самарқандтан алынған қыш ыдыстар табылған. Жапониядан Тальхирге фаянс табақ келген. Оның үстінде теңіз пейзажының фонында алтын жалатылған сәнді киімдер киген адамдар бейнеленген. Талхир қаласында металлургия, шойын құю, қола құю және қыш өндірісі де болған. Талғардың қыш бұйымдары өзіндік стильдік ерекшелігімен және әшекейлерімен ерекшеленді. Сонымен қатар, қалада айна өндіру ісі болғандығы белгілі болған.

1968 жылы Талғар қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары барысында бірнеше монета табылды. Көптеген табылған монеталар мыс металынан жасалған және жазулары нашар сақталған. Бірақ №1 тандырдың жанынан табылған монета, жақсы сақталған. Ол «Қадр-Тафғач-хакан» титулымен Сүлейменнің атынан соғылған. Ұқсас монеталар туралы Е.А. Давидович жазған. Талғар монетасы осындай монеталардың алғашқы